



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 49/589

07 декабря 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Өткен бейсенбі күні, яғни қараша айының 29-жұлдызында «Достық» жасөспірімдер мен балалар шығармашылығы орталығының ғимаратында «Тұңғыш Президент күні» мерекесіне арналған форум болып өтті.

Оған қала тұрғындары, қаладағы кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен жастар өкілдері, құрметті қала қонақтары қатысты. Аталған форум ашық деп жарияланғаннан кейін құттықтау сөз қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге берілді. Әкім форум қатысушыларын



Тұңғыш Президент күні мерекесімен құттықтады. Бұдан әргі шара Тұңғыш Президент күнінде қаламыздың көркеюі мен экономикасына үлес қосып жүрген азаматтарды марапаттау рәсімімен жалғасын тапты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамоталарымен №1 жалпы білім беретін мектебінің тарих пәнінің оқытушысы Маржан Лесбекқызы Қарабаева, «Достық» жасөспірімдер мен балалар шығармашылығы орталығының педагогы Ардак Рымханқызы Ахатаева және «Айналайын»

бөбекжайының тәрбиешісі Гулия Жақсылыққызы Байдосовалар марапатталды. «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Гүлжахан Қайроллақызы Шарбекова Қарағанды облысы әкімінің құрмет грамотасына лайық деп танылды. Сонымен қатар Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаты №1 жалпы білім беретін мектебінің еңбек пәнінің оқытушысы Манатқұл Бекболатқызы Тойымбетоваға табысталды. Приозерск қаласы Қазыналық басқармасының бас қазынашы-маманы Гүлнұр Мирағалиқызы Танатарова, №1 жалпы білім беретін мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Галия Жандосқызы Әбішова Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталса,

оқытушысы Гүлфарида Керімбиқызы Амантаева ие болды. «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XIV (14) еңбек маусымының аясында өткізілген облыстық сайыстың қортындысы бойынша, «Үздік қалалық штаб» аталымының жеңімпазы дипломымен Приозерск қаласының «Жасыл ел» штабы марапатталды.

Мерекелік форумда қаламыздың тұрғыны, кәсіпкер Жанар Әлібайқызы Әлібаева, «Исток»



өкімінің Алғыс хатына №2 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің

славян халықтары этно-мәдени орталығының мүшесі Литвинова Елена Анатольевна және

«Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі Еркемай Білекқызы Түлектер құттықтау сөз сөйледі. Форум қатысушыларына «Профи клуб» би тобының балалары биден шашу шашты. Форумның екінші бөлімі «Күміс көмей, жез таңдай» «Патриоттық патриоттық әндер байқауымен жалғасты. Байқауға Қарағанды, Балқаш қаласының, Сарышаған кентінің, сонымен қатар қаламыздың өңірлері қатысты. Әділқазылардың шешімі бойынша бас жүлдені Қарағанды қаласының жез таңдай өңірісі Жаманова Айгүл жеңіп алды. Бірінші орынды Сарышаған кентінің өңірісі Нұрмаханбет Жомарт, екінші орынды қаламыздың жас өңірісі Тұрсынбеков Мерей алса, үшінші орынды Балқаш қаласынан келген өңірісі Амантаев Жанғалиға бұйырды. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен грамоталар табысталды.

Н.ҚЫДЫРМҰРАҰЛЫ.
Суретте: Форумнан көрініс.

ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН – ЕЛБАСЫ

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне орай, «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 4 «а» сыныбының оқушыларымен ашық тәрбие сағаты болып өтті. Алға қойған «Елін сүйген, елі сүйген – Елбасы» тақырыбындағы іс-шараның негізгі мақсаты - өскелең ұрпаққа Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев туралы берік елбасының өмірі мен еңбек жолын үлгі ету және оқушылардың бойындағы отансүйгіштік сезімдерін арттыра отырып, ел Президентін құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады.



Ашық тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаумен басталды. Орындарынан тұрып, оң қолдарымен жүрек дүрсілін сезіне Әнұранды бір кісідей орындап шыққан сынып оқушылары өздерінің Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентіне деген құрметінің биік екендіктерін байқатты. Алдымен Елбасының өмірі мен еңбек жолы баяндалып, заманауи интерактивтік тақта арқылы деректі фильм көрсетілді. Келесі кезекте Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ой бөлістім халқыммен» деген жинағынан сынып оқушыларының жаттап келген нақыл сөздері тарту етілді.

Тәрбие сағатының көркі қызған шақта әр

топқа бөлінген сынып оқушыларының арасында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күні тақырыбында сұрақ-жауап тартысы ұйымдастырылды. Берілген сұрақтарға аса қызығушылық танытқан сынып оқушылары тыңғылықты жауап беріп, өздерінің білім деңгейле-



рінің жоғары екендіктерін байқатып жатты. Тақта алдына шығып жауап беруде сынып оқушыларынан Кенжебай Бекжан, Шатербекова Нұрия, Марс Аружан, Мансұр Абылай, Сейілхан Асылжан, Мухтарият Гүлназ, Қанатбай Жансая, Ахан Шапағат, Амангелді Нуркен және Төлөнді Диддар есімдерін ерекше атаған жөн.

Сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағатына қаламыздағы орналасқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшілері шақырылған еді. Білім нәрімен суындап жүрген оқушыларының алдында сөз алған 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі капитан Б.М.Чебиков Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстанның алға басып дамуындағы ерен еңбегіне тоқталып, сынып оқушыларына оқуда озат және мектептегі тәртіпте үлгілі

болуларына табыстар тіледі. Ашық тәрбие сағатының келесі мәртебелі қонағы 06708 әскери бөлімінің «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналы Тілек Кенжебеков сынып оқушыларына еліміздегі қазіргі таңдағы қолға алынған әскери-патриоттық тәрбиенің маңыздылығын атап өтіп, өзі басқаратын әскери-патриоттық клубтың тәрбиеленушілері «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ оқушыларының қатарынан екендігін жеткізді. Клуб жетекшісі Тілек Алшымбекұлы сөйлеген сөзінде: «Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың өлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арт-



тыру» атты Жолдауында әскери-патриоттық тәрбиеге жоғары мән берілген. Жолдауда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Бойсқаут қозғалысы сияқты «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің ролін күшейткен жөн» деп атап өткен

болатын. Бұл дегеніміз – әскери-патриоттық тәрбие арқылы қазақстан шыққан ержүрек батырларымыздың ерлік жолдарын үлгі ете отырып, мектеп қабырғасында білім алып жүрген әрбір оқушыларымыздың бойында отансүйгіштік сезімнің қалыптасатындығы анық» - дегенді жеткізді.

Ашық тәрбие сағатының өту барысын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.К.Амантаева бақылап отырды.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне арналған ашық тәрбие сағатынан зор әсер алған сынып оқушыларының Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сияқты ел басқаратын биік тұлғаны азамат болсақ деген ойда қалғандықтары анық. Сынып оқушылары өздері білім

алатын білім ошағының алдыңғы қатарынан көріну үшін қолдағы бар күш-жігерлерін аямауға уәде берді.

Асылгүл Сарсенбаева,
4 «а» сыныбының жетекшісі
«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕГІ



1991-жыл – еліміздің егемендік алып, Тәуелсіз Қазақстан деген атпен күллі әлемге танылған жыл болды. Содан бері, міне, 27 жыл өтті. Қазақстанның дамуы, тәуелсіздік іргетасының қалануы тарих сахнасында үлкен беделге ие. «Жас мемлекетімізге» тәуелсіздік пен бабалар аңсап өткен азаттық оңайшылықпен келген жоқ. Тәуелсіздік – қайсар бабаларымыздың білек күшімен, «елім» деп еңірген ерлердің, «жұртым» деп жалынды жастардың маңдай терімен, төккен қанымен жетті...

Талай саңлақтарымыз алаш туы астында бүкіл қазақты ел болуға, тәуелсіз мемлекет құруға шақырды. Солардың қатарында Қайраттай өр рухты қайсар ұлы, Сәбира мен Ләззаттай батыр қыздарымыздың болуы, олардың жігері мен батылдығы талай қазақ жастарына үлгі болып, патриоттық рухын оятты. Қазақ – батыр халық, ержүрек, намысшыл халық. Ел басына күн туса, ел үшін туған ерлеріміз намыс отын жағып, топырағын ақтық демі қалғанша қорғағанына тарих куә, кешегі қиын-қыстау заман куә. Еліміздің ұлы мерекесі - 16-желтоқсан, Тәуелсіздік күні жылдан жылға халықтың жұдырықтай жұмылуымен, тәуелсіздіктің ұрпақтары саналатын жастардың қолдауымен биік дәрежеде аталып өтуде. Бұл күндері күллі қазақ – үлкені де, кішісі де халқымыздың сан асар бойы қалыптасқан тарихы, көрген қиындықтарын еске алып, бүгінгі күнге қалай жеткенімізге, өткенімізге көз жүгіртеді, тоба қылады. Бұл күнде бәріміздің ойымызға тәуелсіздік құрбандары оралатыны хақ. Қазір де біз сол батырларымыздың арманы орындалған, мемлекет құру мақсатына жеткен ашық аспан аясында өмір сүріп жатырмыз. Ендігі кезде Тәуелсіздіктің іргетасы толығымен қаланған егеменді еліміздің шаңырағы шай-қалмай, көк туымыз көкте мәңгі желбіреуі үшін әрқайсысымыз еңбек етіп, сол жолда күресуге тиіспіз. Абыройы мен арына дақ түсірмей келген ұлтымыз, тіректі тіліміз, салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, сарқылмас қазынамыз бүгінгі жастарға, келешек ұрпаққа аманат. Тәуелсіздіктің жолы қатты, татар дөмі тәтті. Сонда да ақкөңіл, дана қазақ аңсаған арманына қол жеткізді. Алдымызда әлі асу-асу белестер бар. Тәуелсіздігіміздің тұғырында нық, тұрақты тұра беруі үшін халқымыздың барша еңселі азаматтары, отаншыл жастары еліміздің еселеп дамуына еңбекпен қызмет етуі зор міндет. Осының бәрін алға жалғастыратын – бүгінгі өскелең ұрпақ, кекілі желбіреген балалар...

Иә, Аллаға шүкір, бұндай ұрпақ біздің көз алдымызда өсіп келеді! Олар Сіз бен Біздің айналамызда жүр. Оны біреу байқап, біреулер байқамауы мүмкін. Үйден шығып, кірген сайын әрдайым үлкендермен сыпайы амандасып, қос қолын ұсынып жүретін, қыздай сызылған сыпайы, келбеті келіскен, биязы мінезді бозбаланы жүре келе жақыннан тани түстім. Ол – бізден бір қабағ жоғары тұратын, қарапайым жапсарлаушы болып жұмыс істейтін Ғалымжан деген азаматтың ұлы Нұрасыл деген бала болатын. №2 жалпы білім беру мектебінде өтіп тұратын әртүрлі іс-шараларға, қала денгейінде өткізілетін белгілі ақындарға арналған оқуларға, жас ақындар байқауларына қазылық ете жүріп, Нұрасылдың қандай бала екендігіне көзім жете түсті. Өзіндік өлең оқу мәнері және өзі де өлең жазатын қабілеті бар жеткіншектің текті жерден шыққандағы байқалатын. Биылғы күздің

басында №2 мектептегі стадионның күрделі жөндеуден өткендігіне байланысты жасалған салтанатты ашылу жиынында мектептің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы, Нұрасылдың сынып жетекшісі Жоламан Көпшаровпен әңгімелесіп, шәкірті туралы сұрағанымда ол: «Нұрасыл сыныптың ғана емес, мектебіміздің мақтанышы. Ол үздік әрі белсенді, өнерлі оқушыларымыздың бірі. Ақындығымен қатар спортқа да бейім. Мектептің де, қаланың да мерекелік іс-шараларынан қалмай қатысады. Жетістіктерін мақтанышпен айтуға тұрарлық. Болашақта оның мықты азамат болып қалыптасатынына сенімім кәміл. Біз ұстаздар да осындай оқу-шыларымызбен мақтанатын боламыз, олардың мықты азамат болатынына үміт артпамыз және сенеміз», - деген болатын.

Иә, қазақта «Тегі жақсыдан түңілме» деген жақсы сөз бар. Оның ұлы бабасы Шәпек Күзенбаев Өзбекстан Республикасының Науаи облысына қарасты Кенімех ауданында 40 жыл басқарма болып, қаракөл қой шаруашылығын өркендету мен дамытуға ерен үлес қосқан, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтерген, Социалистік Еңбек Ері атанып, омырауына Алтын жұлдыз таққан атпал азаматтың бірі ғана емес, бірегей тұлға. Шәпек ақсақалдың екінші рет Еңбек Ері атағына ұсынылып, арызкой жазғыштардың кесірінен бұл атақты ала алмай қалғанынан да хабарымыз бар. Өз атасы халыққа білім беру саласының үздігі, ақын, басшылық қызметте ұзақ жылдардан бері көш бастап келе жатқан жан. Атасымен туысқан Әбдуәли Күзенбаев өңірдегі аудандық газетте ұзақ жылдар басшылық еткен, журналистика саласының ардагері. Өбекенмен қызмет бабында талай кездесіп, сұқбаттас, дәм-тұзас болған әріптесім болғандықтан ол кісіні жақсы танимын. Сондықтан да осындай отбасыдан текті ұрпақ тууы заңдылық емес пе?!

Нұрасылдың ата-анасы Приозерск қаласына 2010-жылы көшіп келген. Ол кезде Нұрасыл 7 жаста болатын. «Бала болсам да әлі есімде, бұл жерде бізді барлығы жылы-шыраймен қарсы алды. Өз еліме, тарихи Отаным деген ыстық сағыныш, алаулаған махаббат мені өнердің биік шыңына қанат серпілтіп қана қоймай, еркін қалықтауға мүмкіндік берді. Оқушылық міндетімді жадымнан шығармай, жақсы оқуға, толыққанды білім алуға ұмтылдым. Алдымда үлкен мұрат-мақсатым бар. Мен ең алдымен «Жайдарман» ойындары арқылы өнерімді шындап жүрдім. Өлең өлкесіне тек жуықта ғана қадам бастым. Балапан жырларым қазылар алқасына ұнаған болар, 2016-жылы өткен Қасым Аманжолов оқуларында бірінші орынды жеңіп алдым. Бұл менің талабыма одан әрі қанат бітірді. Ақындардың өлең-жырларын, әдеби кітаптар оқып тұруға ынтығатын болдым. Бойымдағы ақындық қасиет атамнан дарыған», - деп еске алады қазір Нұрасылдың өзі. Бұдан кейін ол Абай оқуларынан тағы да бірінші орынды жеңіп алған. Ал, облыстық кезеңде үшінші орынға ие болыпты. Жыр ауылына алғаш қадам басқан жас ақын үшін бұл үлкен жетістік, әрине. Отбасының тұңғышы болғасын, қазақ салтына орай ата-әжеңіз баласы болатыны белгілі ғой, Нұрасыл да атасы Арыстанбек пен әжесі Тәжігүлді қатты сағынатынын жасырмады. Үйдің шаруашылығына қарап, балаларын тәрбиелеуге көңіл бөлетін анасы Алфия тұңғыштарының жетістіктеріне қуанып, тіл-көзден аман болғанын Аллатағаладан тілеп отырады. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын ақын бала Ұлан Алмас басқаратын «Ерікті белсенділер» тобының белді мүшесі. Сөз арасында марқұм нағашы атасы Бердікұл мен нағашы әжесі Әлиман да еске ала кетті. Баланың бауырмалдығына жүрегің жылып қалады. Үйдегі ересек бала өзі болғасын, анасының қолғанаты әрі сенімді көмекшісі.

Тәуелсіздік туы астында дүниеге келген егемен елдің ұланы өзінің осы бақытты да, бейқам өміріне ризашылығын білдіреді. Алдында бұдан да жарқын, жақсы болашақ күтіп тұрғанына сенімді. Оның алаңсыз оқып, білім алуына онтайлы жағдай жасалғанын біледі, түсінеді. Нұрасыл қазір Тәуелсіздік мерекесіне сыныптастарымен бірге қызу дайындық үстінде. «Келешекке сеніммен басқан қадамың құтты, жеңістерің баянды, білімің терең, жырларың жалынды болсын!», - деген игі тілегімізді арнайымыз тәуелсіздік түлегіне.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.
Суретте: Нұрасыл Арыстанбеков

МЕНИҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТИМ

2018 жылдың 29 қараша күні «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-да Ортаңғы «Қарлығаш» тобы «Тұңғыш Президент күні» атты тақырыбында мәнәрілеп оқу іс-шарасын өткізді. Аталмыш іс-шараның басты мақсаты Балаларға елбасы туралы түсінік беру. Елбасының туып өскен жерін, қызмет еткен кезеңі туралы мағлұмат беру. Елбасының Қазақстан халқына жолдаған «Болашаққа

өз отаны, елбасы туралы тақпақтарын айтып жатса, қыздарымыз «Шашу» биін билеп, ұлдарымыз «Батырлар» биін билесе, қазақтың ұлттық ойын: «Асық ату» ойынын бірлесе ойнап, келген қонақтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Өнер көрсетіп, тақпақ айтқан балаларға Тазша бала мадақтап өз қоржынынан асық беріп отырды.

Қорыта айтатын болсақ, балалар Елбасы



бағдар – рухани жаңғыру» мақаласы туралы балаларға ұғындыру арқылы балалардың ой – қиялдарын дамыту. Елбасының өмір жолын үлгі ете отырып, Отанын, халқын, жерін сүюге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттыққа тәрбиелеу.

Іс-шараны өнұранмен ашып, «Ағатайым-ай» әнімен бастады. Тазша бала қонаққа келіп, балаларды таңғалдырды. Балалар Тазша балаға

туралы тақпақтарын мәнәрілеп оқып қана қоймай, елбасы туралы толық мағлұматтар алды деген сенімдеміз.

Г.И.Исиркова,

«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-ның тәрбиешісі

Реакция на событие

ОТЗЫВ НА СТАТЬЮ
ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА

В настоящей статье Главы государства отражены исторически важные для нашего общества моменты и события прошлого, которые являются основой настоящего и будущего Великой степи.

Достижения предков и их культурно-историческое наследие - это тот источник вдохновения и пример для ориентации в исторической перспективе для потомков, который дает духовную силу народу и надежду на мирное будущее.

У государства, где помнят и чтят свою историю, есть достойная молодежь, которая сохраняет преемственность и умножает своим созидательным трудом богатство и единство нации.

Великая степь играла важную роль в цивилизационном процессе, современный прогресс невозможен без опыта предидущих поколений населявшие необъятные просторы степи и несли новые знания, которые они приобретали в суровых условиях выживания и становления древних государственных образований.

Эти и другие свои мысли Президент кратко и понятно изложил в статье «7 граней Великой степи» адресованную в первую очередь подрастающим казахстанцам и современникам. Живущие в настоящем, помнящие свою исто-

рию, имеют неограниченные возможности в будущем. Важная роль имеет ответственность и искреннее желание своим трудом, знанием и опытом созидать общество где все вносят свой посильный вклад не зависимо от своей значительности и важности той или иной личности. Наша задача – сохранить свою уникальность и общность с окружающим нас миром, духовно и культурно взаимообогащаться, учиться опыт старших, вносить новшества, налаживать связи со всеми кто стремится к будущему, что-бы когда-нибудь стать частью истории Великой степи.

Мудрые люди говорят: люди делятся на два типа людей, первые ищут место под солнцем, вторые ищут место в истории. Мыслящие люди делают свой выбор, мы выбрали путь ведущий к Независимости родины и несомненно каждый из нас найдет свое место в истории семьи, коллектива, села, города, страны. Из этого складается успех всех нас и каждого гражданина и патриота. Потомки дадут справедливую оценку ныне живущим и прилагающим усилия по сохранению мира и благополучия в неспокойное время.

ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»

Болашаққа нақты қадам

ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ -
ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі басталып та кетті. Оған жақында өткізілген жалпыхалықтық диктант дәлел бола алады. Латын әліпбиіне көшу бұрынғырақ қолданыста болған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. Бұл жана әліпбиге көшу өміріміздің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне әсер ететіні белгілі. Жазу өзгеріп қана қоймай, сонымен қатар санамыз да өзгеретіні айдан анық. Оның ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз ететіні де сөзсіз.

Бұл бізге таныс дүние... XX ғасырдың басында қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтеріп, қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызудақолданды. Алайда, латын әліпбиін қолдану мерзімі ұзақ болмағаны тарихтан белгілі. Қазіргі уақытта рухани жаңғыруға баса

назар аударылып жатқандажоғалған құндылықтарымызды қайта қалпына келтірудің қажеттілігін әрқайсымыз сезініп-білудеміз.

Латын әліпбиіне көшіміз дұрыс таңдау деп ойлаймын. Диктант жазу барысында байқағанымыздай мектеп жасындағы балалар латын әліпбиін жатсынған жоқ, жазуды тез меңгеріп алды. Жаңа латын әліпбиі қолдануға өте ыңғайлы екенін бірден дәлелдеп шықты. Халық жана әліпбиді бірден қолдады, оның заман талабы екені айтпаса да түсінікті болды. Біз латын әліпбиін үйренуге, меңгеруге әзір екенімізді көрсеттік, осындай маңызды қадамға баруға ауызбіршілік таныта алдық деп ойлаймын.

Қош келдің, латын әліпбиі!

Гульфарид Амантаева,
Приозерск қаласы №2 ЖОББМ қазақ тілі мұғалімі



«СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ»

Рухани жаңғыру аясында

Сыйлау мен құрмет тұтуды мақсат ететін ұлттық салт-дәстүріміздің қандай түрі болмасын халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне, кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, өзгеріп, жаңарып отырған. Осындай ерекшеліктерінен туындап қалыптасқан қасиеттері ұлтымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен өнерін өмірге әкелді. Жеке адамды сыйлаудан бастап, тұтас халықты құрметтеуге дейінгі үлкен азаматтық ұғым – ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық дүние танымның тарихи тәжірибиесінің жемісі. (Ұлт дегеніміздің өзі адамдардың тарихи қалыптасқан жері, тілі, діні, салт-дәстүрі, мәдениеті болып табылады). Халқымыздың осындай ізгі дәстүрлі мәдениетіне, этнографиялық тұрмыс-тіршілігінің байлығына аса назар аударғандығын көптеген этнограф ғалымдардың, шетел зерттеушілерінің еңбектерінен де көруге болады. Адамдардың ұлттық салт-дәстүрін, оның қасиетін кастерлеу, ең алдымен олардың бір-бірімен сыйласуынан басталатыны ақиқат. Мысалы: Жасы үлкен адамға «Армысыз ата, әже», - деп сәлемдесудің өзі өзгермейтін халқымыздың мәдени рәсімі. Бұл жердегі «Армысыз» сәлемін алушы жақ «Басыңыздан бақ кетпесін», «Мақсатыңа жет», «Бақытты бол, қарағым!», т.б. ұғымда жауап беріп, оны өзіне көрсеткен құрмет деп санайды. Сонымен қатар, Орта Азия мен Қазақстан жеріне ислам дінінің енуі халқымыздың дәстүрін дамуына, кейбір әдет-ғұрыптарымыздың өзгеріске түсуіне себепші болды. Осындай өзгеріске түскен құрмет ұғымдарының бірі – сәлемдесуге байланысты рәсімдер.

Елімізге ислам діні енген кезеңнен бастап, халқымыздың көпшілігі (оның ішінде ер адамдар) мұсылман дәстүрімен «Ассалаумағалейкум» - деп сәлем беретін болса, «Уағалейкумсалем» - деп жауаптасып сәлем алатын болды. Араб тілінен енген бұл сөздердің алғашқысы «Сізге Алланың саулық сәлемі болсын!» деген ұғым болса, «Сізге де Алланың саулық сәлемі болсын!» деген мағынаны білдіреді. Ер адамдар осылай амандасатын болса, ал әйелдер мен қыз-келіншектер сәлем беру барысында бұл сөздерді қолданбай, жасы үлкен адамдарға «Сәлеметсіз бе» немесе «Сәлем бердік!» деп қана амандасады. «Сөз анасы – сәлем» демекші, сәлемдесудің түрі көп-ақ, бірақ әр сәлемнің өз үлгісі мен ерекшелігі бар. Бұл орайда әйел мен еркектің, үлкен мен кішінің, ата мен келіннің арасындағы бірін-бірі сыйлау, құрметтеу сияқты инабатты да ибалы қасиеттердің мықтылығын байқаймыз.

Сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының тұрмыс-тіршілігін, этнографиясын зерттеген саяхатшы, суретші, поляк зерттеушілері Бронислав Залесский,

Адольф Янушкевичтің еңбектерінде қазақтардың ер адамдарына ерекше құрметтейтіндігіне қатты назар аударғаны зерттелген. Мәселен: әйел мен ерлердің ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрлерінің төңірегінде айтады. Олар қазақ әйелдерінің ер адамға кірпігін көтеріп тура қарамауы, атағасының, қайынағаларының, өзге еркек туыстарының есімдерін атамауы сияқты ізетшіл қылықтарын, яғни біздің дәстүріміздің мәдени ерекшеліктерін қызыға зерттеген. Жоғарыдағы зерттеушілердің айтып отырғаны: бұл жерде әйелдердің адамдық құқығының шектелуі деп түсінбеуіміз керек, керісінше, ер адам мен әйел затының арасындағы қалыптасқан халықтық этикет нормаларының негізгі сипаттарының бірі деп пайымдауымыз керек. Осындай қазақ этнографиясын зерттеген ғалымдардың көпшілігі қазақ әйелдерінің тапқырлығы, өзін-өзі ұстау мәдениетінің жоғарлығы, орынсыз сөйлемейтіндігі, жасы өзінен үлкен-кішілігіне қарамастан ер адамды сыйлайтындығы, олардың құқығына қол сұғуға тырыспайтындығы сияқты көптеген адамгершілік қасиеттерін жазады. Халқымыздың мұндай адамгершілік қасиеттерін – ұлтымыздың асыл қазынасы, салт-дәстүріміздің ізгі қағидалары деп білеміз. Ежелден келе жатқан дәстүріміздің бірі, қонақтық әрбір шаңырақта «Бөлінбеген еншісі бар» деген ұғым бар. Осы ізгі қағиданың халық арасында кеңінен сақталғаны сондай, ерте кезде алыс сапарға шыққан жолаушы жолға шыққанда азық-түлік алып жүрмеген. Жолаушы жол-жөнекей кездескен кез-келген ауылға ат басын бұрып түсетін болса, үй иесі қонақты қылап, шамасы келгенше дастархан жайып, күтіп шығарып салатын болған. Тағы бір ертеден келе жатқан салт-дәстүріміздің бірі ерулік жайында, ол қазақтың алыс-жақынына қарамай, бірін-бірі қонақ етіп, дастархан жайып, асқа шақырып, араларын жақындастыра түсетін рәсім. Ұлттық салт-дәстүріміздің бұл түрі ауылда ғана емес, үлкен қалаларда да кездеседі. Сонымен қатар, жанадан көшіп келген көршіні ерулікке шақырып жатады. Мұның мағынасы жаңа адамдарды бөтенсіңбей өз ортасына тартудың, сыйласудың үлкен белгісі болып саналады. Ұлтымыздың рухани мәдениетінің дамуында музыка өнерінің алатын орны ерекше. Себебі музыка халық өмірінің әр кезеңінің тыныс-тіршілігінен хабар береді. Халық ән-күйдің әуен-сазы арқылы өзінің күнделікті өмір салтын, тарихи оқиғаларды келесі ұрпаққа осы өнер арқылы жеткізіп отырғаны белгілі. Сондықтан халқымыз қонақ күту барысында, олардың рухани қонақтәттілігін ескеріп, жырышы – жыраулармен, әнші-күйшілерді қатты құрметтеген. Мұның өзі халқымыздың әнді-әуенді жақсы көріп, кез-келген сәтте оны көңіл қойып, тыңдай білгендігін дәлелі. Қалың көпшілік мұндай бас қосудан кейін

рухани жағынан байып, жақсы тәрбиелік қасиеттерінен үлгі алатын жағы тағы бар.

Осы жерде әңгіме ауанын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бүгінгі жайына қарай бұрыңқырасақ, Елбасы аталған бағдарламаны тектен-тек айта салған жоқ. Ұзақ жылдық бо-дандықта жүргізілген солақай саясат ұлттымыздың ең керекті, ең маңызды, аса қажетті құндылықтарынан кейде озбырлықпен, кейде алдай отырып жоюды мақсат етті және біразынан мақұрым етіп тынды да. Соларды қайта қалыптастыру ендігі жерде құр ұрандату емес, жалпыхалықтық іспен ғана жүзеге аспаса, жиынтойлармен, бос басқосулармен, ресми жиналыстармен іске аса салуы мүмкін бе? Жоқ! Қазақтың көп нәрселерінен айрылып қалғанын сіз де, біз де білеміз. Солардың бірнешеуіне ғана тоқталып көрелік. Халық болғасын, қаралы жиыны мен той-томалағы үнемі болып тұратыны белгілі. Осынау жөн-жоралғылардың атқарылуы бізде қалай қазір?.. Меніңше, бұлар қойырпаққа айналып кеткен. Кісіні жерлеу рәсіміне кешеге дейін қандай ұлттық дәстүрі екені белгісіз дүниелер еніп кеткенін көзіміз көрді. Ардақтысы өліп, қан жұтып жатқан үйде арақшарап ішілетінін, аста-төк ас берілетінін де байқадық. Әсіресе құдай жолы мен тойдың дастарқанын ажырата алмайтын халге түстік. Шүкір, қазір астағы ысырапқа шектеу қойылып, бұрынғыға келе бастадық. Бұл жақсы, әрине. Қазалы үйге орамал мен матасын қолтығына қысып барып, оның түсін өзгертіп алып қайтатын дәстүр қай ата-бабамыздан қалған жоралғы еді? Түбі апарғасын, оны алып қайтудың жөні қайсы? Қазір осы мәселе жылыған ортада көп айтылып жүр. Мата-орамалдың орнына шама қарай ақшалай беріп, қаралы үйге азғантай болса да қаржылай көмек көрсетуді қалайтын, қостайтын ақсақалдар мен жөн білетін азаматтар бар. Мен де мұны толық қостаймын.

«Қазақтың тойы бітпесін» деген ұранды сөз көп айтылатын сөздік. Мейлі, лайым тойлар бола берсін, алайда оны даңғазғаға, бәсекеге айналдырып, шектен тыс шашылып, жоқ-жітік отбасылардың жалған намыс үшін несие алып, қарызға батуын, ең сорақысы сондай шығынмен өткен тойлардан көп өтпей-ақ жасы шаңырақтардың күйреп жататыны қалай түйледі? Кейбір жанжалдар сондай тойлардан кейінгі дүниеге таласудан, қажетсіз ырым-жырымдардан басталып, ымыраға келе алмаған екі жақ құдалардың ұрысынан шығатыны, сөйтіп жастардың басын әуелі саудаға, сосын шыршуға салатыны көбірек айтылууда. Сонда бұдан не ұттық?.. Осындай есепсіз шығын, ең жаманы бақытсыздық әкелетін той қазаққа керек пе? Бүгінде бұл мәселе де жоғарғы жақта қозғала бастады және БАҚ-да көтеріліп жүр. Көршілес өзбек халқының Президенті елдің басына келе салысымен-ақ ас пен тойға өзінің Жарлығымен



шектеу қойып, ережелерін жасатып қойды. Қашанда халық хан жарлығына бағынған, солай бола береді де. Осындай қатаң шара бізге де қажет. Және бұны төменнен, яғни, ауыл, аудан, қаладан... бастап, ақсақалдардың, азаматтардың ұйымдасуымен, ел-жұртқа түсіндіруімен, келісімімен жасаған әлдеқайда тиімді әрі тез болатынын өзіміздің іс тәжірибемізден білдік қой. «Көп – қорқытады, терен – батырады» дейді халық. Егер мұны көп болып қолға алса, мәселенің шешімі табылары сөзсіз. Әрине, осынау тойлардың ұлттық ренкке, тәрбиелік мәнге ие болғанын жұда қалар едік. «Рухани жаңғыру» аясы өте кең дүние. Онда ұлтымыздың бүкіл болмысы, келбеті жатыр. Мұны бұйрықпен немесе жиынмен жүзеге асыру әсте мүмкін емес. Мұны әр адам, әр отбасы... ең әуелі өзінен бастағаны жөн.

Жалпы, ұлттық салт-дәстүр дегеніміздің өзі – халықтың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі. Халқымыздың рухани өзегі болған, мәдениетіміз біздің елде ғана сақталған деп айта алмаймыз, себебі жер шарының әр жерін мекендеген халықтардың дәстүрлі мәдениеті де түрлі-түрлі дәрежеде сақталған және өзіндік мәдени ерекшеліктері бар. Халқымыздың ежелден бері қалыптасқан, ғасырлар бойы сақталған әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрінің, қолөнерінің кейбір түрлері ескіріп, өткен күннің еншісінде қалып, заманның ағымына қарай өзгеріске ұшырап, ерекшеліктерге ие болғанымен, бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Сондықтан да қазақ халқының ана тілі, тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрлері де өте маңызды деп бағалаймыз. Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ақын, «Тіл жанашыры» сыйлығының иегері.

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру

Қазақ халқына белгілі жырышы Кеңен Әзірбаев: «Домбыраны тастамаймын қайда барсам, Жаныма жүре алмаймын байлағам» - деген оймен толғанса, белгілі ақын Қадір Мырзалев жыр шумақтарымен: «Нағыз қазақ – қазақ емес, Нағыз қазақ – домбыра!» - деп, қазақ халқының оның жайлаған дархан даласының терен тарихын танығың келсе қасиетті қара домбыраның күй шежіресіне жүгінің меңзейді. Ал күйде қазақ халқының мұны мен зары, қуанышы мен қайғысы, аңсаған арманы және іздеген мұраты бейнеленген.

Быыл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтауға, ұлттық сананы қайта жаңғырту идеясының төңірегінде топтастыру мақсатында Ұлттық Домбыра күнін бекіту туралы Жарлыққа қол қойғанын білеміз. «Жаздыкүні шілде болғанда...», - деп басталатын ұлы ақын Абай Құнанбаевтың «Жаз» өлеңінде жазылғандай, енді еліміз бойынша жыл сайын жазғы шілде айының бірінші жексенбісін «Ұлттық Домбыра күні» ретінде атап өтетіндігіміз көңіл қуантады. Аталған мереке күнінің мақсаты – ұлттық музыкалық аспаптың бірі саналатын қоңыр үнді домбыраның мәртебесін асқарту ғана емес, бұл да қазіргі таңдағы барша қауым болып қолға алынған рухани жаңғыруды ілгерілетуге жасалған қадам деп түсінгендігіміз абзал.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» - деген болатын. Осы бағдарламалық мақаладағы қазақ халқына белгілі ақын, жырышы, күйші және жазушы есімдерінің келтірілуі

жөй ғана сипат үшін айтыла салатын сөз емес. Ақиқатына жүгінесек, ұлт руханияты үшін күрескен, әрі артында ұлан-ғайыр мұрасын қалдырған осынау тұлғалардың бірінің де ұлттық музыкалық домбыра аспабына қол созғанын өскелең ұрпақтың есіне салады. Қазақтың ұлы ақыны Абай мен жүз жасаған жырышы Жамбыл аталарымыздан домбырамен шертіп орындалатын тамаша ән қалды. Күй атасы Құрманғазы Сағырбаев бабамыздан домбырамен толғанған жүректі тебіренер күйлер қалса, заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов ағамыздан: «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырласы – күйі» - деген қасиетті сөз қалды.

Домбыра – қазақтың жаны, мұңшысы, сырласы және кимасы. Айнамайтын серігі, жанылмайтын сөзі, қараңғыны жарып шыққан сәулелі ойы. Қазақ пен домбыра – егіз. Домбырасыз қазақты елестету қиын. Халықтың арман-мұраты, болмыс-бітімі, тағдыр-талайы домбыра шанғында күмбірлеп тұр. Академик Ахмет Жұбанов: «Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы – домбыраның бірде күмбірлеген, бірде тың-тыңк шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сыңғырлаған үні талай сырдың басын қайырады. Сымдай тартылған қос ішекте сан ғасырдың сан алуан сипаты, ақыл-ойы, көңіл-күйі жатыр. Домбыра – көшпелі елдің көне көз шежірешісі, көпті көрген құпияның көкірек күйі» - деп, домбыра аспабының қадірін әдемі жеткізе білген. Домбырадан тарайтын ұлттық рухтың кереметтілігі сонда, ол ата-баба дәстүрін, тарихыңды, салт-дәстүріңді ұмыттырмастай етіп, ұлттық жадыңды мәңгі есте сақтай білуге үндейтіні анық. Ұлттық өнерге қол созу, домбыра шерту, ұлттық музыкалық аспабымызды құрметтеу, қос ішекті құндылығымызды бағалау қанымызда бар қасиет. Осы бір ыстық

ДОМБЫРАНЫҢ ҚОҢЫР ҮНІ

сезімді суытып алмау керекпіз.

Қаламыздың нақ төрінде орналасқан «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында көп жылдан бері ұлттық өнерге талпынған жас таланттарды күй орындауға даярлайтын домбырашылар сыныбы жұмыс істеп келеді. Аталған өнерлі ортадағы жас өнерпаздарымыздың атағы жер жармаса да, бел сыбана қатысқан өнер сайыстарынан құралақан қайтқан емес. Халықаралық, Республикалық және облыстық күй тарту сайыстарында тамаша өнер көрсеткен домбырашылар сыныбы күй орындаушыларының сан мәрте қанжығалары майланып қайтқандығын көзіміз көрді. Әсіресе, талантты жас күй орындаушылардың соңғы жыл-дардағы биік белестерді бағындырғандықтары ауыз толтырып айтарлықтай. Атап айтар болсақ, өткен жылы Алматы қаласында өткен «Ренессанс» атты II Халықаралық фестиваль - байқауында бақтарын сынаған домбыра сыныбының оқушылары өнердегі жоғарғы орындаушылық шеберліктерімен көзге түссе, жаз айында Қарағанды қаласында ұйымдастырылып өткізілген «Мәңгілік Ел» тақырыбындағы Халықаралық фестиваль-байқауында көрермендердің зор ықыласына бөленіп қайтқандары белгілі. Домбыра сыныбының талантты күй орындаушылары қаладағы Мемлекеттік мереке күндеріне арналған концерттік бағдарламалар

мен басқа да түрлі іс-шараларда өнер көрсетіп, асқан белсенділік танытып келеді. Қазіргі таңда, домбыра сыныбының күй орындаушы жас өнерпаздарынан жасақталған «Балбырауын» домбырашылар ансамблінің мүшелері өз өнерлерімен қала жұртшылығын тәнті етіп келеді.

Дегенмен де, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталсақ, ел болып алға қойған рухани жаңғыру аясында ұлттық құндылығымыздың бірі саналатын домбыра аспабын қолға алып, өнер көрсетіп жүрген талантты жас өнерпаздарымызға дем беріп, осы бір төл музы-



калық аспабымызға жанашырлықпен қарасақ, әрбір отбасының төрінде домбыра ілулі тұрса, өнерге талпынған жас өнерпаздарымыздың қатары толығып, қасиетті аспабымызға деген қызығушылық құмары артып, домбырада өнер көрсетулерін шыңдай білсе нұр үстіне нұр болары сөзсіз!

А. Нұртаева,
«Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы



СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела - Еженедельно понедельник-четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ**сенім телефоны: 5-32-48****Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі - жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник - пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ - нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2002 ЖЫЛҒЫ 3 ШІЛДЕДЕГІ N 331 ЗАҢЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 «ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ» Заңы Осы Заң өсімдіктерді зиянкестерден, арамшөптерден және өсімдіктер ауруларынан қорғау саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды және егін өнімін, оның сапасын сақтау мен Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру кезінде адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерді болғызбауға бағытталған. Бұл заң 5 тараудан 21 баптан тұрады.

2-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңдары

1.Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясынанегізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2.Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

11-бап.Фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралар

Қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және зиян тигізудің экономикалық шегінен көп зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге міндетті.

12-бап. Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану

1.Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану пестицидтердің (ұлы химикаттардың) адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерінің болмауын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2.Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану жағдайларына қойылатын міндетті талаптар пестицидтер (ұлы химикаттар) айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленеді.

3.Тіркеу, өндірістік сынақтар мен ғылыми зерттеулер үшін әкелінген пестицидтердің (ұлы химикаттардың) көлемін уәкілетті орган айқындайды.

13-бап.Фитосанитариялық есепке алу және есептілік

1.Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органға фитосанитариялық есептілікті табыс етеді.

15-бап.Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауға жататын объектілер

Мемлекеттік фитосанитариялық бақылауға жататын объектілер:

1)зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің тіршілік ететін орындары болып табылатын ауыл шаруашылығына арналған объектілер, автомобиль жолдарының, темір жолдардың бөлінген белдеулері мен күзет аймақтары және өзге де

аумақтар, сондай-ақ өсімдіктен алынатын өнім;

2)зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер;

3)фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу үшін пайдаланылатын арнаулы техника мен пестицидтер (ұлы химикаттар);

4)арнаулы сақтау орындары (көмінділер) болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңы және оны қолдану бойынша туындаған сұрақтар болса Пушкин көшесі 9/2 үйде (Қазпошта ғимараты) 2 этажда орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына немесе мына телефондар бойынша:

-8(71039)5-40-06, 8-702-847-52-98 хабарлауларыңызға болады.

КАДИРОВА К.Р.
ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН ЖАРНАМАҒА – САУАТТЫЛЫҚ

Жарнама-қоғамның тыныс-тіршілігі мен бет-бейнесін қалыптастыратын маңызды құрал. Сонымен қатар, біз жарнама арқылы тауарларға сұранымды қалыптастырып, ұлғайту мақсатында олардың қасиеттері мен көрсеткіштерін қызметтері туралы ақпаратты тиімді тарата аламыз. Біз осы жарнаманы көрсете отырып ҚР «Тілдер туралы» заңын естен шығармауымыз керек. ҚР-ның «Тілдер туралы» заңының 21 – бабына сәйкес сыртқы

жарнама мәтіндері мемлекеттік тілде (сол немесе жоғарғы жағына, шрифтері бірдей) одан кейін орыс және қажет болған жағдайда өзге тілдерде жазуға болады.

2018 жылы қалалық ҚР-ның «Тіл туралы» заңнамаларын жүзеге асыру комиссиясының және облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың жұмыс жоспарына сәйкес тоқсан сайын «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға - сауаттылық» тақырыбында

облыстық айлық ұйымдастырылып өтті. Аталған айлық аясында Приозерск қаласындағы нысандарда көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың ҚР «Тіл туралы», «Жарнама туралы» заңдарының талаптарына сай рәсімделуін, орналасуын реттеу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Приозерск қаласы бойынша жарнамалардың жалпы саны-636, оның ішінде әлеуметтік жарнама-166, коммерциялық жарнама-470. Түсіндіру жұмыстары барысында барлығы 636 көрнекі ақпарат нысаны қамтылды. Оның ішінде 6-да әр түрлі деңгейдегі қателіктер анықталды. Аталған

шара барысында 5 маңдайша жазулары түзетіліп, 1 маңдайша жазуы алынып тасталды.

Осыған байланысты, барша қала тұрғындарын көшедегі сыртқы жарнамада кездесетін кез-келген қателікке бейжай қарамай, тікелей жарнама несіне немесе қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне хабарласып, заң талаптары аясында орын алған кемшіліктерді жоюға шақырамыз.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107. Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 49/589. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041